



## Мемлекеттік денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт ұйымдарының мамандарына әлеуметтік көмек беру туралы

### *Күшін жойған*

Алматы облысы Еңбекшіқазақ ауданы мәслихатының 2008 жылғы 22 сәуірдегі N 13-3 шешімі. Алматы облысының әділет департаменті Еңбекшіқазақ ауданының Әділет басқармасында 2008 жылы 24 мамырда N 2-8-87 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Еңбекшіқазақ аудандық мәслихатының 2013 жылғы 21 желтоқсандағы N 25-8 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Еңбекшіқазақ аудандық мәслихатының 21.12.2013 N 25-8 шешімімен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і .

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағы 15-тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Заңының 18-бабы 5-тармағына, Қазақстан Республикасының "Білім туралы" Заңының 53-бабы 2-тармағы 2-тармақшасына сәйкес және Еңбекшіқазақ ауданы әкімінің 2008 жылғы 18-сәуірдегі N 7-1/506 хатының негізінде, Еңбекшіқазақ аудандық мәслихаты

### **Ш Е Ш І М**

### **Қ А Б Ы Л Д А Д Ы :**

1. Ауылдық елді мекендерде:
  - тұратын және жұмыс істейтін мемлекеттік денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, мәдениет және спорт ұйымдарының мамандарына отын сатып алу үшін ;
  - жұмыс істейтін білім берудің педагог қызметкерлеріне коммуналдық қызмет көрсетулерге шығыстарды жабуға және тұрғын үй-жайларды жылыту үшін отын сатып алуға 5 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде әлеуметтік көмек төленсін.
2. Әлеуметтік көмектің қаржыландырылуын қамтамасыз ету аудандық қаржы бөліміне тапсырылсын.
3. Әлеуметтік көмектің төленуін қамтамасыз ету аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөліміне жүктелсін.
4. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілсін.

5. Осы шешімнің орындалуын бақылау аудандық мәслихаттың әлеуметтік сала, білім, мәдениет және ұлтаралық қатынастар жөніндегі тұрақты комиссиясына және аудан әкімінің орынбасары М. Т. Бекетаевқа жүктелсін.

	<i>А у д а н д ы қ</i>	<i>м ә с л и х а т т ы ң</i>
<i>3-сессиясының төрағасы</i>	<i>Ы. Салманов</i>	
	<i>А у д а н д ы қ</i>	<i>м ә с л и х а т</i>
<i>хатшысы</i>	<i>Ә. Талқанбаев</i>	

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК